

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2024 жылдық есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы «6D020600, 8D02203 – Дінттану», «6D021500, 8D02204 – Исламтану», «6D020400, 8D03102– Мәдениеттану», «6D020100, 8D02202– Философия» мамандықтар тобы/ білім беру бағдарламалары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілген – 28 маусымдағы 2021 жылғы № 306)

1. Откізілген отырыстар саны туралы мәліметтер.

2021 жылдың 15 қаңтары мен 26 маусым аралығында диссертациялық кеңестің 8 отырысы откізілді, оның 4 диссертацияны қорғауға арналды, қорғаулар аралас (онлайн/оффлайн) форматта откізілді.

2. Мәжілістердің жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда). Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 10 адам, олардың ішінде 5 адам (50%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 5 адам (50%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Фылыми жетекшілері	Докторант оқыған, ЖОО
1	Иманмолдаева Бақыттыжамал Заманханқызы	1. Кабаева Жулдыз Абдыкаримовна – философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік- философиялық пәндер кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан); 2. Шахин Филиз – философия докторы (PhD), Ақтөріз университетінің профессоры (Анталия қ., Түркия).	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2	Рушанова Бериковна Неля	1. Сырғақбаева Ақмарал Сәлімжанқызы – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		<p>ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан).</p> <p>2. Яри Какуа – философия ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Ювяскюля университеті (Ювяскюля қ., Финляндия).</p>	
3	Бекенова Жумагул Нурдаuletovna	<p>1. Амиркулова Жамилия Амангельдиевна – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан).</p> <p>2. Пеетер Муурсепп – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Таллин Технологиялық университеті (Таллин қ., Эстония).</p>	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
4	Орынбеков Нурлан Амангазинович	<p>1. Бишманов Какимжан Муратжанович – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан).</p> <p>2. Али Рафет Озкан – философия докторы (PhD),</p>	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		Анкара университетінің профессоры (Анкара қ., Түркія).
--	--	--

**4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында
кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

1) қаралған жұмыстар тақырыбындағы талдау;

Иманмолдаева Бақыттыжамал Заманханқызының «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ұрпақтар сабактастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сактаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертациялық зерттеу жұмысы ұрпақтар сабактастығы ұғымын теориялық-әдіснамалық негізде сараптай отырып, оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызын ашып беруді мақсат етеді. Сондай-ақ, ұлттық бірегейлікті одан әрі жетілдіре тұсу үшін ұрпақтар сабактастығының шешуші факторлардың бірі екендігін әлеуметтік-философиялық түрғыдан талдап, қазіргі Қазақстан жағдайына сәйкес нақтылы ұсыныстар беруді көздейді.

Қазіргі жаһандану заманында әлемдегі көптеген халықтар мен ұлттар ұлттық бірегейлікті нығайтуға ұмтылып отырғандықтан, бұл мәселені әлеуметтік-философиялық зерттеудің өзектілігі барған сайын артып, оны рационалды шешудің нақты жолдары іздестірілуде. Осыған байланысты диссертацияда бұл мәселені зерттеудің жаңа бір қыры ашылып, ұрпақтар сабактастығы идеясының ұлттық бірегейлікті дамытуға тигізер әсері қарастырылады. Философия тарихынан белгілі болғанындей, идеялардың бір-бірімен тоғысусы әрдайым жаңа нәтижеге жол ашады. Бұл жұмыста көрсетілген екі ұғымды оңтайлы қолдана отырып, әлемдік жаһандану заманының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын ұлттық бірегейліктің іске асуындағы ұрпақтар сабактастығы идеясының рөлі айқындалады.

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Рушанова Неля Бериковнаның «Әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесі» тақырыбындағы диссертациясы

Диссертациялық зерттеу жұмысында Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасындағы надандық туралы түсініктерге философия тарихы түрғысынан талдаулар жасалды және оның танымдық және құндылықтық сипаттамалары зерделеленді, бағалаулар берілді. Ойшылдың дүниетанымында жүйеленген этикалық категориялардың

құндылықтық маңызы айқындалып, оның тарихи сабактастығы айшықталды.

Диссертацияда батыстық этикалық ойдың негізін қалаушы болып саналатын Сократтың этикалық ойының қалай пайда болғандығы, оның надандық ұғымына берген анықтамасы, этикалық ойдың не екендігі, кейінірек Платон мен Аристотельдің ғылыми еңбектерінде аталмыш ұғымдардың пайда болуы қарастырылып, ежелгі грек кезеңіндегі этикалық ойға шолу жасалады.

Әл-Фарабидің әмбебап философиясы туралы айтатын болсақ, оның надандық ұғымына қарсы адамгершілік, даналық, метафизика және гносеология ілімдерін қойғанын айта кету керек. Міне, жоғарыдағы айтылғандарга байланысты диссертацияның таңдалған тақырыбының өзектілігі мол болып танылады. Кез келген қоғам үшін надандыққа қарама-қарсы рухани құштерді дамыту, қоғамда орнықтыру маңызды және сондықтан «Әділетті Қазақстан» құрамыз деген қоғам үшін осы бағыттағы зерттеулердің өзектілігі арта түсетініне сенімдіміз.

«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бекенова Жумагул Нурдаuletovнаның «Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі» тақырыбындағы диссертациясы

Диссертациялық зерттеу жұмысында цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесіне философиялық талдау жасалды. Цифрлық қоғамның пайда болуы, оның негізгі ұғымдары, цифрландыру дәуіріндегі қоғам мен адамның болмысы, цифрлық этиканың мәні және негізгі принциптері, цифрлық қоғамда өмір сүруші тұлғаның жауапкершілігі, цифрлық Қазақстанның даму перспективалары және цифрлық жауапкершілік мәдениетін қазақтың ұлттық құндылықтары негізінде дамыту мәселелері жан-жақты зерттеліп, сарапталды.

Десек те, этика, жауапкершілік мәселесі қазіргі таңда өзекті бола түсіп отыр. Жеке адамның ғана емес, бүкіл адамзаттың өмірін түбегейлі өзгертуен цифрлық технологиялар жаңа, цифрлық қоғамның этикалық принциптерін, олардың арасында жауапкершілік принципінің маңыздылығын арттыра түсті, себебі цифрлық қоғамдағы жауапсыздық адам ойының тамаша жетістіктерін адамның өзінің, адамзаттың, Жан-Жак Руссоның сөзімен айтсақ, көріне айналдыруы мүмкін. Міне, сондықтан да цифрлық қоғамдағы жауапкершілік тақырыбы қазіргі адамзат үшін де, Жаңа Қазақстан үшін де аса өзекті деген пікірге келдік.

«8D02204 – Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Орынбеков Нурлан Амангазиновичтің «Экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің рөлі: қазақстандық тәжірибе» тақырыбындағы диссертациясы

Қазақстан Республикасына соңғы жылдары бүкіл әлемнің назары ауып отыр. Себебі, елімізде барша адамзаттың көңілін аударатындағы үлкен рухани және қоғамдық, саяси және тарихи маңызды оқиғалар орын алуда. Мәселен, елімізде «Әділетті Қазақстан»

доктринасын жүзеге асыру қолға алынуда және дін туралы Заңға сәйкес тепе-тендік принципі негізінде мемлекеттің экстремизм мен терроризмнің алдын алу қадамдары жасалуда. Елімізде барлық діни бірлестіктер зан алдында бірдей екені нақтыланып, өркениетті дамудың негізгі бағдар екені мойындалды.

Диссертацияның зерттеу бағытына сәйкес діни экстремизм мен терроризмнің пайда болуына сараптама жасай отырып, бұл құбылыстың

себебі адамдардың өз мүдделері үшін қақтығыстары және тарихи, әлеуметтік-экономикалық, діни айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін діни білімді сараптау жатады. Қоғамдық ішкі тұтастықты, зайдарлық қағидаттары мен діни бірегейлікті сақтау және діни қайшылықтардың алдын алуудың жолы ретінде Қазақстан тарихындағы рухани тәжірибе негізінде қалыптасқан ислам құндылықтарын дін философиясы мен психологиясы тұргысынан кешенді зерттеу арқылы дәстүрлі исламды дамытудың ғылыми-әдістемелік тұжырымдамасын әзірлеу диссертацияның жалпы бағытын айқындаиды.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Иманмолдаева Бақыттықжамал Заманханқызы

Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен: 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.

Рушанова Неля Бериковна

Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен: 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.1. Ұлы есімдер мен ұлы дәүірлер

Бекенова Жұмагул Нұрдаулетовна

Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен: 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.

Орынбеков Нұрлан Амангазинович

Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен: 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Иманмолдаева Бақыттықамал Заманханқызы

Зерттеу нәтижелері білім беру тұжырымдамалары мен бағдарламалар әзірлеуде, мәдениет философиясы, мәдениет әлеуметтануы және т.б. пәндерді оқытуда, ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті дамытуда, «Мәдениет философиясы», «Аксиология мәселелері», «Ұлттық мәдениет мәселелері», «Ұлттық бірегейлік мәселелері» тақырыбындағы окукурстары үшін көмекші құрал дайындауға негіз бола алады.

Рушанова Неля Бериковна

Диссертациялық қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен жаңалықтар теориялық және практикалық сипатта философия тарихы бойынша ғылыми ізденістерге арқау болады және көмекші оқу-әдістемелік құрал ретінде мәдениеттану, әлеуметтік және саяси философия, этика, саясаттану пәндерінде қолдануға болады.

Бекенова Жұмагул Нұрдаuletовна

Зерттеу нәтижелерін қазіргі қоғамның цифрлық мәдениеті мен этикасын, қарапайым цифрлық сауаттылығын арттыруда, жеке тұлғаның да, тұтас қоғамның да жауапкершілігін жүйелі қалыптастыру үдерісін жүзеге асыруда кеңінен қолдануға болады. Сонымен қатар диссертант ғылыми ізденіс барысында қол жеткізген нәтижелер философия, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, ақпараттық технологиялар, тарих салалары бойынша студент, магистрант, докторанттар дайындау ісінде, жас үрпақты тәрбиелеу барысында да пайдалы бола алады.

Орынбеков Нұрлан Амангазинович

Зерттеу тақырыбының теориялық және тәжірибелік құндылығын мәдениетіміздің ұлттық болмысымыздың заман талабына сай сақталуы мен ары қарай кемелденуімен байланыстыруға болады. Алынған нәтижелер әлеуметтану, дінтану, психология, мәдениеттану саласына пайдалануы мүмкін. Диссертациялық зерттеу еңбегінің маңыздылығы саясаттану, дінтанушы, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы, психолог, криминолог т.б. мамандық иелері теориялық зерттеулерінде қолдануына болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің осы тәртіпке қойылатын талаптарын басшылықта алды, атап айтқанда, тәуелсіздік принципі қатаң сақталды. Диссертацияның мазмұнын зерделеу және рецензиялар жіберу үшін докторлық және ғылым кандидаты дәрежесі бар екі ресми рецензент және докторлық зерттеу саласында кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы тағайындалды.

Иманмолдаева Бақыттықамал Заманханқызының диссертациялық жұмысының ресми рецензенттері:

1. Халыков Кабыл Заманбекович - Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, философия ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ., Қазақстан). Мамандығы: 09.00.13 - Дінттану, философиялық антропология және мәдениет философиясы.

2. Аубакирова Салтанат Советовна - философия докторы (PhD), Toraighyugov University философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаментінің директоры (Павлодар қ., Қазақстан). Мамандығы: «6D020400 – Мәдениеттану».

Рушанова Неля Бериковна диссертациялық жұмысының ресми рецензенттері:

1. Нурмуратов Серик Есентаевич – философия ғылымдарының докторы, профессор, КР ФЖБМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінттану институты, Философия орталығының жетекшісі. Мамандығы: 09.00.11 - әлеуметтік философия (Алматы қ., Қазақстан).

2. Кусаинов Дауренбек Умирбекович – философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры. Мамандығы: 09.00.13 – Дінттану, философиялық антропология және мәдениет философиясы (Алматы қ., Қазақстан).

Бекенова Жумагул Нурдаулетовнаның диссертациялық жұмысының ресми рецензенттері:

1. Нурмуратов Серик Есентаевич – философия ғылымдарының докторы, профессор, КР ФЖБМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінттану институты, Философия орталығының жетекшісі. Мамандығы: 09.00.11 – әлеуметтік философия (Алматы қ., Қазақстан).

2. Бекежан Өмірбек Қадырханұлы – философия ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы кафедрасының менгерушісі. Мамандығы: 09.00.11 – әлеуметтік философия (Атырау қ., Қазақстан).

Орынбеков Нурлан Амангазиновичтің диссертациялық жұмысының ресми рецензенттері:

1. Сатершинов Баһытжан Менлибекович – философия ғылымдарының докторы, профессор, КР ФЖБМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінттану институты, Дінттану орталығының бас ғылыми қызыметкері (Алматы, Қазақстан). Мамандығы: 09.00.11 - Әлеуметтік философия (Алматы қ., Қазақстан).

2. Абжолов Султанмурат Утешович – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы. Мамандығы: 09.00.13 – Дінттану, философиялық антропология және мәдениет философиясы (Түркістан қ., Қазақстан).

Диссертациялық кеңеске ұсынылған ресми рецензенттердің пікірлері зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді, ғылыми нәтижелерді, олардың негізділігі мен жаңалығын, сенімділік дәрежесін және алынған нәтижелердің аprobациясын, жарияланымдардың болуын, сондай-ақ зерттеу туралы қорытындыны көрсетеді. философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі. Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторанттарға тапсырылды және қорғау мерзіміне дейін 5 (бес) жұмыс күн бұрын университеттің интернет-ресурсында орналастырылды.

Рецензенттер зерттеліп отырған проблемалардың ерекше өзектілігін және олардың қазақстандық ғылымның стратегиялық бағыттарын жүзеге асыруға бағытталғанын, диссертациялардың қазіргі жаһандану кезеңіндегі өзекті мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін маңызды екендігін атап өтті. Сондай-ақ, докторанттардың зерттеулеріне, ғылыми жаңалығына, зерттеулердің теориялық және практикалық маңыздылығына ерекше қызығушылық танытты.

Рецензенттер ғылыми зерттеулердің нәтижелерін бағалау бойынша күрделі ұсыныстар жасады, қазіргі қоғамдық-гуманитарлық ғылымның мәселелерін қарастырып отырған диссертациялардың жеткілікті деңгейде дайындалғанын, философиялық-мәдениеттанулық, дінтанулық, исламтанулық зерттеулердің практикалық бағыттылығын атап өтті.

Диссертацияларды қарастыру барысында рәсімделу мен стилінде кездесетін кемшіліктер анықталды, диссертациялық зерттеудің мазмұнына нұқсан келтіретін ескертулер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Инновациялық дамуда және мемлекеттің әлемдік ғылыми және білім беру кеңістігіне интеграциялануында қазіргі кезде халықаралық стандарттардың заманауи талаптарына сәйкес келетін, перспективті, бәсекеге қабілетті ғылыми кадрлар маңызды рөл атқарады. Қазақстандық ғылымды әлемдік кеңістіктің ілгерілетудің басты міндеті - ғылымның дамуына жағдай жасау, қазіргі әлемде сұранысқа ие ғылыми бағыттар бойынша білікті ғылыми қызметкерлерді даярлау. Жаңа заманың ғылыми кадрларын даярлауда оң тәжірибе жинақталуда, дегенмен ғылыми кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру үшін уақытылы шешуді қажет ететін мәселелер де бар, мысалы:

1. Мамандықтар бағыты бойынша кадрларды пәнаралық және ғылыми-методологиялық даярлауды күшейту.
2. Жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің тәжірибеге бағытталғандығына баса назар аудару.
3. Жоғары рейтингтік журналдарда жарияланған отандық ғалымдардың еңбектерін, мақалаларын белсенді пайдалану.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

	6D020100, 8D02202 – Философия	6D020400, 8D03102 – Мәдениеттану	6D020600, 8D02203 – Дінтану	6D021500, 8D02204 – Исламтану
Қарастырудан алғып тасталған диссертациялар	-	-	-	-
Соның ішінде, диссертациялық кеңес тараپынан қарастырудан алғынып тасталғандары	-	-	-	-
Рецензенттердің теріс корытындысы алғынған диссертациялар	-	-	-	-
Корғай нәтижесі бойынша оң қорытынды алғандар	3	-	-	1
Соның ішінде, өзге оку орындарынан	1	-	-	-
Корғай нәтижесі бойынша теріс қорытынды алғандар	-	-	-	-
Соның ішінде, өзге оку орындарынан	-	-	-	-
Корғалған диссертациялардың жалпы саны	3	-	-	1
Соның ішінде, өзге оку орындарынан	1	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрайымы

А.Д. Кұрманалиева

Диссертациялық кеңестің галым хатшысы

Н.К. Альджанова

